

ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК

БЕКІТЕМІН

ШЖҚ "Теректі аудандық
ауруханасы" МКК
директоры

Д. Хайрушев

«15» мамыр 2023 ж.



КЕЛІСІЛДІ

ШЖҚ "Теректі аудандық
ауруханасы" МКК

Байқау кеңесінің төрағасы

Б. Хасайинов

«15» мамыр 2023 ж.

ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже

Енгізілген өзгерістер туралы ақпарат		
№	Енгізу күні	Әзірленді

Осы Ережені ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Мазмұны

1. Жалпы ережелер;
2. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің (комплаенс-офицердің) мақсаттары, міндеттері, қағидағтары, функциялары мен өкілеттіктері;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (комплаенс-офицердің) есептілігі

Өзірленді: 15.05.23ж. Джаманбаева А.А.	Келісілді: 15.05.23ж. Хасайнов Б.Е. Нургалиева М.Г. Мусағалиев Т.К.; Мусанова Т.К. Кубаев Б.У..	Енгізілді: 15.05.23ж.	Қайта қарау: 15.05.2026ж.
--	---	--------------------------	------------------------------

1. Жалпы ережелер

1. БҚО әкімдігінің ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже және Кәсіпорын) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-Заң) 16-бабының 3-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32211 болып тіркелген) бекітілген квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге (бұдан әрі-Үлгілік ереже) сәйкес әзірленді.
2. Осы ереже Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (комплаенс-офицердің) функцияларын орындайтын құрылымдық тұлғалардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.
3. Кәсіпорын өз қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып, үлгілік ережені ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережені бекітеді.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі ауданының ауруханасы" МКК ресми сайтында, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс" арнайы бөлімінде орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.
5. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

5.1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

5.2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

5.3) мүдделер қақтығысы - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке

мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

5.4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5.5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

5.6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

5.7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

6. Кәсіпорында негізгі міндеті кәсіпорын мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын жауапты тұлға (комплаенс-офицер) айқындалды.
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (комплаенс-офицер) функцияларын орындайтын жауапты тұлға кәсіпорын директорының шешімімен Байқау кеңесімен келісім бойынша айқындалған.
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер) өз өкілеттігін кәсіпорынның атқарушы органына, лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады.
9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті көрсетеді.

2. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаттары, міндеттері, принциптері, функциялары мен өкілеттіктері

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер) қызметінің негізгі мақсаты кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.
11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

11.1) кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

11.2) кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

11.3) кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

11.4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

11.5) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

12. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

12.1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

12.2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

12.3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

12.4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

12.5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

12.6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

12.7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін тұрақты арттыру.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (комплаенс-офицердің) функциялары:

13.1) әзірлеуді қамтамасыз етеді:

- кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясаты;
- кәсіпорын қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық;
- кәсіпорындағы мүдделер қақтығысын анықтау және реттеудің ішкі саясаты;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
- Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;
- корпоративтік этика және мінез-құлқы мәселелерін реттейтін әдеп кодексі;

13.2) кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

13.3) "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14441 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

13.4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және кәсіпорынның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

13.5) кәсіпорында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мониторингін және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларды жүзеге асырады;

13.6) БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойын Теректі аудандық ауруханасында түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

13.7) БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

13.8) БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

13.9) БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

13.10) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

13.11) БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және орындауына мониторинг жүргізеді;

13.12) мүдделер қақтығысын, оның ішінде БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК-де субъектіні жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13.13) БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК-де сыйлық беру және алу мәселелерін реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

13.14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

13.15) БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және оларға қатысады;

13.16) квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

13.17) БҚО әкімдігінің ДСБ ШЖҚ "Теректі ауданының 2-ауруханасы" МКК құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

13.18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша БҚО әкімдігінің ДСБ ШЖҚ "Теректі ауданының 2-ауруханасы" МКК құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;

13.19) БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі ауданының 2-ауруханасы" МКК басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, кәсіпорын қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

13.20) егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мүдделер қақтығысын тудырмаса, комплаенс, іскерлік этика, орнықты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

13.21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

14. Байқау кеңесінің шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер) басшысын тағайындау жүзеге асырылады және оның өкілеттік мерзімі, сыйақы мөлшері және еңбекақы төлеу шарттары айқындалады.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы (комплаенс-офицер) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

16. БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі ауданының 2-ауруханасы" МКК директорының шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының (комплаенс-офицердің) ұсынуы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және өзге де еңбекақы төлеу шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін лауазымдық нұсқаулықтармен не қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын құжаттармен айқындалады және оларды кәсіпорын басшысы бекітеді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы (комплаенс-офицер) кәсіпорынның Бақылау кеңесіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныс ұсынады.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (комплаенс-офицердің) атынан кәсіпорынның басқа құрылымдық бөлімшелеріне, ведомстволарға және ведомстволық бағынысты ұйымдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы (комплаенс-офицер) қол қояды.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы (комплаенс-офицер) комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы қажет.

21. Өз қызметі шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

21.1) кәсіпорындардың құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

21.2) өз құзыретіне жататын мәселелерді кәсіпорынның Байқау кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасайды.

21.3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

21.4) кәсіпорынның басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеп-тексеру шеңберінде жазбаша түсініктемелер талап етеді;

21.5) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

21.6) Өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

21.7) БҚО әкімдігі ДСБ "Теректі ауданының 2-ауруханасы" ШЖҚ МКК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы кәсіпорын қызметкерлеріне хабарлау не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

22. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер):

22.1) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтайды;

22.2) Сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік Әдеп кодексін және кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де ішкі құжаттарды бұзушылықтар бойынша жүзінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

22.3) Байқау кеңесі мен кәсіпорын директорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

22.4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізеді;

22.5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

22.6) қызметтік және кәсіптік этиканы сақтайды.

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (комплаенс-офицер) қызметкерлері істеуге болмайтын нәрселер:

23.1) олар алдыңғы үш жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

23.2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылданатын қызметке қатысуға;

23.3) құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін пайдалануға;

23.4) Іскерлік әдеп нормаларын бұзуға;

23.5) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келуі мүмкін не осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтар қабылдауға және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

23.6) мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға.

24. ШЖҚ "Теректі ауданының 2-ауруханасы" МКК басшылығына қажет:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесуге, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыруға, оның ішінде Ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен және өзге де тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етуге;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің Қызметі, Әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруге.

25. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (комплаенс-офицердің) БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

26. БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі ауданының 2-ауруханасы" МКК құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке:

26.1) осы Ереженің 14-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

26.2) Анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

26.3) туындайтын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (комплаенс-офицердің) есептілігі

27. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер) кәсіпорында қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша кәсіпорында қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберіледі.

28. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер) Байқау кеңесінің алдында мерзімді есеп береді.

БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ "Теректі аудандық ауруханасы" МКК директоры тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.